




БЕКІТЕМІН

Мектеп директоры

У.А. Сарманова

ЖШС «Turan mektebi» қоғамдық-гуманитарлық бірлестігінің
5-қыркүйек - Қазақстан халқы тілдері мерекесіне орай ұйымдастырылған
«Туған тілім – тірлігімнің айғағы» атты іс-шараның
ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара атауы	Уақыты	Өтетін орны	Жауапты
1	Іс-шараның ашылуы. Флешмоб	8:00	Мектептің алдында	Кушкарова Қанағат Абдреев Мақсат
2	«Білгенге маржан» сұрақ-жауап ойыны	8:15	Мектеп фойесі	Рыскелдиева Замира
3	«Үш тұғырлы тіл» тәттілер бұрышы	8:30	Мектеп фойесі	Жаппарқұл Жанар Султанова Зауре Тажиева Алия
4	Тұлғалар көрмесі	8:45	Мектеп дәлізі	Аккөзова Гүлнар Жаппарқұл Жанар Үкібаева Ұлжалғас Көбен Салтанат Ботаева Айгүл
5	«Полиглот» тілдер сайысы	9:00	210 кабинет	Үкібаева Ұлжалғас Асан Айсапар Сатыбалдиева Гүлзира
6	Концерттік бағдарлама	9:30	АКТ залы	Маханбетова Ардақ

Бірлестік жетекшісі:  Амзеева Н

5 – қыркүйек «Қазақстан халқы тілдері» мерекесіне орай өткен «Туған тілім – тірлігімнің айғағы» тақырыбындағы іс-шарасы жайлы

Мәлімет

5 – қыркүйек «Қазақстан халқы тілдері» мерекесіне орай мектебіміздің қоғамдық- гуманитарлық бірлестік мұғалімдері 21 қыркүйек күні «Туған тілім – тірлігімнің айғағы» тақырыбында іс-шарасы өткізді. Өткізіліп отырған іс- шараның мақсаты оқушылардың ана тілге деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. Ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету. Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу.

Мектебіміздің кіре-беріс бөлмесі (фойесі), коридоры мен акт залы түрлі шарлармен безендірілді. Акт залда «Үш тұғырлы тіл- ұль болашағы» тақырыбындағы жаңа стенді орын алды.

Тілдер мерекесінің іс-шарасы мектептің алдында басталды. Мерекелік іс-шараны қоғамдық – гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі Амзеева Нұржамал ашып, құттықтау сөз сөйледі. Қазақстан Республикасы Халықтарының тілдер мерекесінің бастауының негізі еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевпен тікелей байланысты. Елбасымыз көпұлтты мемлекетіміздің ауызбіршілігін сақтай отырып, үштұғырлы саясатты ұстанып, ана тілімізге ерекше басымдық берген болатын. Елге құрмет- тілге құрмет дей келе 5- қыркүйек ҚР Тілдер мерекесі ұлт ұстазы, ғалым, қазақ әліппесінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлының тұған күнімен тікелей байланысты. Құттықтау сөзден кейін мектебіміздің 8 сынып оқушыларынан құралған флеш-моб биі орын алды.

«Білгенге маржан» сұрақ- жауап ойыны мектептің кіре- беріс бөлмесінде өтті. Сабакқа келген мұғалімдер мен оқушылар түрлі сұрақтарға жауап берді: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. «Үш тұғырлы тіл» тәттілер бұрышын үш тіл пән мұғалімдері ұсынды: қазақ тілі бауырсақ, орыс тілі каравай наны, ағылшын тілі тәтті пончиктерінен ауыз тигізді. Әр мұғалім өзінің тілінде амандасып тұрды.


Келесі коридордың бөлмесінде «Тұлғалар көрмесі» орын алды. Көрме кітаптар, буклеттер, альбомдар мен қанатты сөздермен толықтырылды. Оқушылар өзіне жүктелген тұлғаның кейіпкерлерін сомдады. Бірінші болып Абай Құнанбайұлы сөйледі. Акынның өмірбаяны жайлы 8- сынып оқушылары қысқаша мәлімет беріп, қара сөздерін жатқа айтты. Екінші тұлға болып Ахмет Байтұрсынұлының тұлғасын 6- сынып оқушысы ағартушы ақынның «Балаларды оқуға шақыру» өлеңімен жалғастырды. Мұхтар Шахановтың өмірбаяны мен «Жігітке жігерлену» өлеңін 6- сынып оқушысы жатқа оқыды. Еліміздің тіл жанашыры ұстаз Асылы Османнның өмірбаянымен 6- сынып оқушысы таныстырды. Ақын Фариза Оңғарсынованың «Мен сені аялап өтемін» өлеңін 6- сынып оқушысы оқыды.

«Полиглот» тілдер сайысы мектебіміздің акт залында өтті. Материалдық- техникалық базасы жанарған мектебіміздің смарт телевизорын қолданып, 6 эксперименталды сынып оқушыларымен үш тілді сайыс өткізілді. Түрлі бейне сұрақтар, жұмбақтар, қызықты ертегілер оқушыларымыздың танымдық қызығушылығын аттырды.




Тілдер мерекесі оқушылардың концерттік бағдарламасымен қорытындыланды. Концерттік бағдарламаны мектебіміздің басшысы директор Сарманова Асия Анарбекқызы ашып беріп, мектеп ұстаздары мен оқушыларды тілдер мерекесімен құттықтады. Мектеп оқушыларының мың бұралған бишілері қазақша би билеп, бағдарламаны 9- сынып оқушылары үш тілде жүргізді. Республикалық балалар ән байқауының жеңімпазы 4- сынып оқушысы Бекбосын Кәусар «Қазағым» әнімен жалғастырды. Мектебіміздің күй үйірмесінің қатысушылары 7- сынып оқушылары Абдулхайыр Марлен «Жастар биі» Хилишбек Дархан «Келіншек» күйлерін керемет орындады. Ағылшын тілі ұлтаралық тіл боғандықтан оқушылардың қызығушылығы артып келеді. Осыған орай 4- сынып оқушыларынан құралған әншілер ағылшын тілінен поппури әндерін орындады. Концерттік бағдарламаның негізгі бөлімі «Ана тілім- кастерлім» көрінісі. 8- сынып оқушылары тіл туралы шешен, билер мен акындардың қалдырған өсиеттерін сөз етті.

Концерттік бағдарлама соңында сөз сөйлеген қоғамдық- гуманитарлық бірлестік жетекшісі Н.Амзеева тілдер мерекесінің іс- шарасын қорытындылады. Мектеп директоры А.А.Сармановаға мектебіміздің тілдер бұрышына қоғамдық- гуманитарлық бірлестік мұғалімдерінің тарту еткен 20 кітаптың тұсауын кесу рәсімін жасады. Оқушылардың кітапқа қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылған игі істің жалғасы жыл бойына жүретіндігі айтылды. Тілдер мерекесіне арнайы тарту мектепке берілді. Қоғамдық – гуманитарлық бірлестігі мұғалімдерінің «Үш тұғырлы тіл- ұлт болашағы» стенді мектебімізге табысталды. Әлемдік әдебиетте ойып алар орны бар тұлғалар бейнеленген стенді балалардың танымдық білімін арттырып отырады.

Қоғамдық- гуманитарлық бірлестігінің жетекшісі:



Н.К.Амзеева



«Turan mektebi» ЖШС

**ЖШС «Turan mektebi» қоғамдық-гуманитарлық бірлестігінің
5-қыркүйек Қазақстан халқы тілдері мерекесіне орай жасалған
«Туған тілім – тірлігімнің айғағы» атты іс-шара жоспары**

2023-2024 оқу жылы

Шымкент қаласы

Мақсаты: Оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. Ана тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін ұран ету, қазақ тілінің мәртебесін көтеру. Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу.

1-жүргізуші:

«Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, оқушылар»!

Бүгінгі Қазақстан халқы тілдері мерекесіне орай ұйымдастырылып отырған «Тілім менің – тірлігімнің айғағы» атты мерекелік кешімізге қош келдіңіздер!

2-жүргізуші:

Здравствуйте, уважаемые учителя, учащиеся! Здравствуйте, все, те кто пришел на наш праздник! Мы рады приветствовать вас в нашем уютном зале.

3-жүргізуші:

Good afternoon, dear friends! Our language is connected with our thought and sense. It appeared in antiquity. It's close to the society's life. All languages developed under influence of economic, political and geographical conditions.

1-жүргізуші

Бүгінгі мерекелік кешімізді ашып беру үшін ортаға мектебіміздің директоры Асия Анарбекқызын шақырамыз.

2-жүргізуші

Казakhstan – многонациональное государство. В нашей стране проживает более 130 наций и народностей и все живут дружно, одной сплоченной семьей и зовутся казахстанцы.

3-жүргізуші

Kazakhstan is our common home. Besides Kazakh and Russian people, there are 2 thousand representatives of about 130 peoples in Kazakhstan.

1-жүргізуші:

Ендеше Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер күніне арналған салтанатты жиынды ашық деп жариялаймыз!

Әнұран орындалады

1-жүргізуші Құрметті көрермен, бүгінгі кешімізді Жанар мұғалімнің орындауындағы «Жақсы адамдарым» әнімен бастаймыз. Қарсы алыңыздар!

Қазақша би. «Арафат» би ансамблі

2-жүргізуші

Құлақтан кіріп бойды алар,

Жақсы ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй.

Келесі кезекте 4 Ә-сынып оқушысы Бекбосын Каусардың орындауында «Қазағым» әні. Қабыл алыңыздар!

3-жүргізуші

Ана тілі - әр адамның өз ұлтының жан дүниесі мен мәдениетінен ғасырлар бойы жиған рухани азығынан нәр алатын кіндік тамыры.

Сахнаға 7 А сынып оқушысы Абдулхайыр Марленді «Жастар биі» күйін орындауға ортаға шақырамыз.

1-жүргізуші

Келесі кезекте 4-сынып оқушыларының орындауында ағылшын поппурри әні.

2-жүргізуші

Біздің ана тіліміз – қазақ тілі. Ол тек отбасы, ошақ қасының ғана тілі емес, мемлекеттік тіл!

Ортада өзінің «Келіншек» күйімен 7 «А» сынып оқушысы Хилишбек Дархан.

3-жүргізуші

Туған тілім! Тас бұлақтың тұнығы да сенде!

Туған тілім! Ана сүтінің жұғымы да сенде!

Туған тілім! Райхан гүлдің жұпары да сенде!

Туған тілім! Мәжнүн ғашықтың іңкәрі де сенде!

Туған тілім! Қыран құстың жанары да сенде!

«Ана тілім – қастерлім» көрінісі

1 – жүргізуші:

Біз – ежелден ер деген даңқы шыққан халықпыз!

Біз - ел бірлігі жолында әрқашан намысын бермеген халықтың ұланымыз!

2 – жүргізуші:

Біз – алтын күн бедерленген көк байрақты әлем биіктерінде желбіреткен

бейбітшіл елдің азаматымыз!

3 – жүргізуші:

Біз – кең байтақ жерінде бірлігі жарасқан алуан ұлт ұлыстан тұратын бір тұтас халықпыз!

1– жүргізуші:

Біз – атадан мұраға қалған қасиетті тілімізді қадірлей білетін ұрпақпыз!

2– жүргізуші:

Ана тілі – біздің ар-ождан, адамгершілігіміздің айнасы. Адам ана тілімен бақытты, ана тілімен асқақ .

3-жүргізуші

Құрметті көрермен, осымен бүгінгі шағын ғана концерттік бағдарламамыз аяқталды. Назар қойып тыңдағандарыңыз үшін алғыс білдіреміз.

Жоспар

1. Алғы сөз. Мектеп директоры
2. Әнұран
3. Ән. «Жақсы адамдарым»
4. Би. Қазақша
5. Ән. Каусар. «Қазағым»
6. Күй. Марлен. «Жастар биі.
7. Ән. Ағылшынша поппури
8. Күй. Дархан. «Келіншек»
9. Көрініс
10. Қорытынды

